

Түсініктеме

Бағдарлама «Ертегілер елінде» мектепке дейінгі жастағы баланың таным шығармашылық, есте сақтау қабілеттері мен ойлауын, қиялын дамытуға, сонымен қатар тілдік қорын молайтып, өз ойларын толық жеткізе білуге деген құлшынысын арттыруға, оқылған шығарманы әңгімелеуге, ертегі кейіпкерлерін рөлдерге бөліп сондауға, диалогтық сөздерді мәнеріне келтіре айтуға, өз сөзін, ойын дұрыс, еркін жеткізе білу мен байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналып жасатынды. Балалар өз-өзін ұстай білу мәдениетіне, туыстық, достық, жолдастық қарым-қатынастарға, табиғатты, қоршаған ортаны сақтауға, адамдардың, жануарлардың жақсы мен жаман қылықтарын ажырата білуге, адамгершілікке, әдептілікке, әдемілікке тәрбиелеуге, олардың ой-өрісін, санасын, мінез-құлқын қалыптастыруға тиімді әсер етеді. Осы бағдарлама балалардың салт-дәстүрлерді теренірек үйренуіне, өз еліне, халқына деген сүйіспеншілік сезімдерінің оянуына, қазақ халқының ертегі, аңыздарына деген қызығушылықтары артып, ертегілерді рөлге бөліп сондау мен сахналық қойылымдарға қатысуына жол ашады. Айтылған, оқылған ертегіні зейін қойып тыңдап, мазмұнын қайталап, әңгімелеп, айтып беру арқылы грамматикалық дұрыс байланыстырып сөйлеуге үйретіледі. Ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, ондағы кейіпкерлерді сынау, сипаттау, сұраққа жауап беру әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, сөйлем құрау, шығармашылықпен қысқаша әңгіме құрастыру арқылы баланың сөздік қоры молайып, сөз мәдениеті, тілі дамытылады. Балалардың ертегілерге қызығушылықтарын шындау, жалықтырып алмау үшін, ертегі желісі бойынша салынған суреттер, атрибуттар пайдалынады. Ауыз әдебиеті үлгілері: ертегі, әңгіме, өлең шумақтары, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар баланың жас ерекшелігіне сәйкес іріктеліп алынды.

	Тақырыптар	Білуі тиіс	Үйренуі тиіс	Қолдануы тиіс
	Еңбекке баулу туралы ертегілер	-еңбекқор мен еріншекті Қанағатшыл мен тойымсыздықты ажырата білу жыл мезгілдерін ынтымақ пен бірлікті	-жақсылықтың ара жігін ажыратуды тәрбиелік маңыздылығымен, эстетикалық талғамды	-әңгімелеп берсе білуі -диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуі -еңбек етуді -тыңдай білуді
	Жан-жануарлар туралы ертегілер	-үй жануарлары мен жабайы жануарды ажырата білуі тиіс Мінез-құлқын жағымсыз қылықтарын көре білу	-ертегідегі басты проблеманы анықтауды -кейіпкерлерге мінездеме беруді -жақсы мен жаманды -адалдық пен арамдықты ажыратуды.	-өз ойын еркін айтуды. -ертегі құрастыру -сурет салу -жануарларды суреттей білуі тиіс
	Батырлық пен ақылдылық туралы ертегілер	-қамқорлық пен жолдастық қасиеттерді қияпат жасамауды ---адалдық пен айлакерлікті ажырата білуі	-адамгершілік, ізгілік, адалдықты ақыл-парасатты, -тосын жағдайлардан сығылып шығар ептілікті логикалық жүзегілікті, -ақ пен қараның жігін айқын ажыратуды	-өнеге алады. -естігенін айта біледі -ертегі бойынша сурет салады -сахыналайды
	Алдар көсе мен Қожанасыр хикаялары	-бай мен келейді ажырата білу ---ақылдылық пен ақымақтықтан, жақсыны жаманнан ажырата білуі тиіс -Қожанасыр мен Алдаркөсе халық кейіпкерлері екенін білуі тиіс	-көркемдік талғамды -шығармашылықты, -сұлулық пен адамгершілік қасиеттерді өз бойына сіңіруді	-кейіпкер рөлдеріне енуі -әділеттікті -бұрыннан таныс ертегілер жөнінде әңгімелеуді

Анасыз балалармен танысуға келіңіз

--- Ертегілер әлемінен таныстыра отырып, балалардың қиялдау, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

--- Оқушылардың эстетикалық таным-талғамын кеңейту, рухани адамгершілік қасиетін байыту.

- Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру
- Әңгіме, ертегіні өз бетімен құрастыруға үйрету
- Ертегі кейіпкерлерінің жағымды-жағымсыз қылықтарын ажырата білу

Күтілетін нәтиже:

Тілдік материалды сауатты, жүйелі талдау дағдысы қалыптасады;
Шапшаң ойлап, шапшаң сөйлеуге дағдыланады;
Ғылыми тұрғыда сөйлеу қабілеті дамиды;
Терминдерді дұрыс қолдану дағдысы қалыптасады;
Есте сақтау қабілеті шыңдалады;
Қоғамда адамгершілік қасиетті бойына сіңіре білген, жанашыр өз ойын жүйелі, тиынақты жеткізе білетін ой өрісі кең тұлға қалыптасады.

Максаты:

- Ертегі түрін балаларға түсіндіру, арқылы көркем шығармашылық ойын ұнтам қиялын дамыту.
- Адам мінез құлықтары жайында балаларға білім беру, жақсы және жаман қылықтарды ажырата білуге үйрету.
- Балаларды ұқыптылыққа, тапқырлыққа, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Міндеті:

- Ертегілер әлемінде өткен өмірмен байланыстырып, басқа ертегілермен салыстыра отырып, патриоттық сезімдерін қалыптастыру.
- Балалардың арасындағы достық қарым-қатынасты нығайту.
- Балалардың дарындық қасиеттеріне жол ашу.

Күтілетін нәтижелер:

- Балалардың көркем шығармалар, ертегілер оқуға деген қызығушылығын арттыру.
- Оқылған ертегінің мазмұнын өз ойымен жеткізе білуге дайындау.

Қолданылған әдебиеттер

1. Жануарлар туралы ертегілер. Алматы кітап 2003 жыл.
2. Ақсандық, көксандық. Алматы жазушы 1998 жыл.
3. Көркем әдебиет. Алматы 2003 жыл.
4. Аюдың түсі. Құрманғазы Демеш. Тараз 2002 жыл.
5. Балақай жинағы. Аруна баспасы 2007 жыл.
6. Қазақ ертегілері. Шикула и К. Шымкент 1998 жыл.

Ертегілер елінде
Аптасына - 1 сағат, жыл бойына 32 - сағат.

p/c	Тақырыптар	Сағат	Мерзімі
1	«Шалқан» ертегісі	1	7.09
2	«Кім күшті» ертегісі	1	14.09
3	Ақыл,ғылым,бақыт	1	21.09
4	Ақылды лақ	1	28.09
5	Жалқау мысық	1	5.10
6	Үш аю	1	12.10
7	Түйе мен түлкі	1	19.10
8	Арыстан,қасқыр,түлкі	1	26.10
9	Түлкі мен жолбарыс	1	9.11
10	Сауысқан мен көжек	1	16.11
11	Айлакер қоян	1	23.11
12	Бауырсақ ертегісі	1	30.11
13	Макта қыз бен мысық ертегісі		7.12
14	Алдар көсе мен Шыкбермес Шығайбай ертегі	1	14.12
15	Түлкі мен бөдене	1	21.12
16	Қожа мен көрші	1	28.12
17	Түлкі мен тырна	1	11.01
18	Қотыр торғай	1	18.01
19	Қарлығаш пен дәуіт ертегі	1	25.01
20	Лақтар мен қасқыр	1	1.02
21	Жыл басына таласқан хайуанаттар ертегісі	1	15.02
22	Алтын сақа	1	22.02
23	Бойы бір қарыс,сакалы қырық қарыс	1	1.03
24	Бес ешкі ертегі	1	15.03
25	Қарлығаштың құйрығы неге айыр? ертегі	1	5.04
26	Түлкінің күлкісі	1	12.04
27	Айлакер бала	1	19.04
28	Қожанасыр мен бай	1	26.04
29	Екі дос	1	3.05
30	Әтеш пен тоты	1	10.05
31	Қасқыр мен козы	1	17.05
32	Қайталау	1	24.05
		32	

Бекітетін CF

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Өтілетін күні: 7.09.2021 ж.

Мад «ә» сынып Тәрбиеші Сисенова Т

Білім беру саласы: Қатынас

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті: Сүйікті ертегілер

Тақырыбы: «Шалқан»

Мақсаты: Ертегіні түсініп айта білуге үйрету. Сахналауға тәрбиелеу. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Дәлелдеу-ояту	Біз балдырған тең басқан! Дос құшағын кеңге ашқан! Тілегіміз әділдік! Ашық болсын кең аспан!	Балалар шеңберге тұрып өлен жолдарын қайталады.
Ұйымдастыру іздену	- Қазір мен сендерді «Шалқан» ертегісін көруге шақырамын. Тәрбиеші: Атай шалқан егіпті. Шалқан үйдей болып өсіпті. Атай шалқанды жерден суырып алмақ боп, шалқалай тартады. Олар тартқылайды, былай тартқылайды, суыра алмайды. Атай әжейді шақырады. Әжей атайдың, белбеуінен ұстайды, атай шалқанның желегінен ұстайды. Олар тартқылайды, былай тартқылайды, тартып суыра алмайды. Әжей немере қызын шақырады. Немере қызы әжейдің белінен ұстайды. Атай шалқанның желегінен ұстайды. Олар тартқылайды, былай тартқылайды, тартып суыра алмайды. Немересі күшігін шақырады. Күшік мысықты шақырады. Мысық күшіктің құйрығынан ұстайды, күшік немере қыздың етегінен ұстайды, қыз әжейдің белінен ұстайды, әжей атайдың белбеуінен ұстайды, атай шалқанның желегінен ұстайды, олай тартқылайды, былай тартқылайды, суыра алмайды. Мысық тышқанды шақырады, тышқан мысықтың құйрығынан ұстайды, мысық күшіктің құйрығынан ұстайды, күшік немере қыздың етегінен ұстайды, қыз әжейдің белінен ұстайды, әжей атайдың белбеуінен ұстайды, атай шалқанның желегінен ұстайды, қатты тартып қалғанда, шалқанды суырып алыпты. -Балалар біз қандай ертегіні тамашаладық? -Шалқан қайда өсті? -Ол қандай болды? -Атайға кімдер болысты? -Міне қандай тату – тәтті отбасы! Бір – біріне көмектесіп, өз туыскандарына камкорлық көрсетеді. -Ал сендер бір – бірлерімен доссыңдарма? Ендеше дос болайық! Тыныс алу жаттығуы: «Балал әтеш канат қағады» .Ата шалқан егіпті, Шалқан үп – үлкен болып өсіпті. Шалқанды ата тартыпты Жұлалмапты, көмекке ол шақырды Үйде жүрген кемпірін Кемпір шалдан тартады,жұлалмады	Балалар орындықтарына жайғасып отырады көлеңкелі шалқа ертегісін көреді. -«Шалқан» ертегісі -бақшада -үлкен -әжей, немере қызы т.б. қолды бос жіберіп тік тұрамы Қолымызды жоғар көтеріп,жанымызға ұстап, жамбасы қаны қағамыз. Дем, ішке тартып «К: ка-ре-ку»-деп шақырамыз. Сергіту сәт: (ары-бері, і қимылмен көрсетеді) (қолдарын былға шақырады) (қимылмен көрсетеді) (бастарын ұста

	Шалқанды Екеуі тартты ырғады жұлатмады ой-ой..... Шақырады көмекке немересін Келеді екен жүгіріп немересі көмекке Жұлатмапты шалқанды ой-ой..... Шақырады көмекке күшіктерін өздері Келеді енді күшігі Ары-бері ырғады жұла алмады шаршады Ойланып олар тұрады, енді қайтіп жұлады Түсіп кетті есіне үйде жүрген мысығы Арлы-берлі ырғады, жұлып алды Мысық келді көмекке Түк шықпады тартқанмен Ойланайық балалар енді тағы кім қалды? А-А мында екен тышқанда, шақырайық көмекке, ол да келді көмекке. Арлы-берлі ырғады, жұлып алды шалқанды Сергіту сәті . Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік. Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік. Қолды создық, басты бұрдық – екі деп, Қозғалыспен әрбір адам жетіледі. Алға, артқа карадық та – үш дедік. Тағы жаңа жаттығулар істедік. Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып, Отырайық көңілді енді марқайтып.	ойланады) (қимылме көрсетіп шақырады (үшеуі шалқанды тартады) (бастарын ұста ойланады) (қол былға шақырады) (күшіктің даусы салады) (көңіл-күйлері білдіреді) (ойланып көреді) (мысықты шақырады) (мияу-мияу қағ деп тартысад шалқанды) (сенжиді) (бастарын ұста ойланады) Сергіту жаттығуларын жасады
Рефле ксивт - түзет	Жарайсындар ,балалар! Балаларды марапаттау, бағалау.	Балалар жауап берді.

Күтілетін нәтиже:

Білді: Ертегінің мазмұнын, не туралы екенін білу керек.

Игерді: Дос болуға, бірін – бірі сыйлауға, құрметтеуге, түсінігі болу керек. Кейіпкерлер сахналау туралы түсініктері болу керек.

Менгерді: Сұраққа толық жауап беруге, ертегідегі кейіпкерлердің іс әрекетін істей білу керек.

Бекітемін: *cf*

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина

Мал «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова

Күні: 14.09.2021 ж.

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Кім күшті?» ертегісі

Мақсаты:

Балаларның ертегідегі, әдеби шығармадағы жануарлар туралы білімдерін бекіту.

Ертегіні түсіндіру барысында балалардың тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту, қалыптастыру.

Айтылған ертегінің мазмұнын дауыс ырғағын келтіре отырып айтуға жаттықтыру.

Көрнекіліктер: Тақырыпқа байланысты суреттер

Қостілділік компонент: Күшті – сильный, құмырсқа - муравей

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Бір, екі, үш, бойға жинап күш, Шынығамыз таңертең Ағалардай «Отанға» Сарбаз болам мен ертең.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Кіріспе әңгіме: Ерте, ерте, ерте екен, Ешкі жүні бөрте екен, Қырғауылы қызыл екен. Құйрық жүні ұзын екен, Қырғауылы қыркылдап, Жалтыр мұзға сыртылдап, Келіп қоныпты. Шаты айрылып қалыпты, Қисайып жатып қырғауыл, Сонда мұздан сұранты. Ой шырқау: -Мұз, мұз сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам, бауырымды жанбырға тестіремес едім. -Жанбыр, жанбыр сен неден күшті болдың? -Жер, жер сен неден күшті болдың? -Мен күшті болсам, көк шөпке бауырымды жардырмас едім. Сергіту сәті: Сағаттың тіліндей, Иіліп оңға бір Сағаттың тіліндей, Иіліп солға бір Сағаттың тіліндей, Жаттығу оңай-ақ. -Көк тоқты сен неден күшті болдың? -Қасқыр, қасқыр, сен неден күшті болдың? -Көк мылтық, сен неден күшті болдың? -Құмырсқа, құмырсқа сен неден күшті болдың? Динамикалық үзіліс: «Түйе-түйе» ойыны.	Балалар ертегіні тыңдайды. Балалар сұрақтарға жауап береді, түсінгендері бойынша әңгімелейді. Өлең мазмұнына қарай кимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Сұрақтарға жауап береді.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Кім күшті» ертегісін білу.

Түсінігі: Ертегідегі, әдеби шығармадағы жануарлар туралы түсінігі.

Көрсете білуі: Ертегінің мазмұнын дауыс ырғағын келтіре отырып айту.

Бекітемін: *af*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Күні: 21.09.2021 ж.

Оқу қызметі: Ертегілер елінде
 Тақырыбы: Ақыл, ғылым, бақыт
 Мақсаты:
 Ертегінің мазмұнын түсіндіру. Ақыл, ғылым, бақыттың мағынасын түсіндіру арқылы білімге деген құштарлығын дамыту. Ақылдылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.
 Көрнекіліктер: Суреттер, кітаптар
 Қостілділік компонент: Бақыт – счастье

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Ғылым таппай мақтанба, Өнер таппай баптанба, Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой аңар: –Балалар, біз бүгін өте қызық ертегі «Ақыл, ғылым, бақыт» ертегісімен танысамыз. Ертегіні оқып беру, түсінгендерін сұрау. Ой қозғау: -Ақыл, ғылым, бақыт – үшеуі бір-бірінен артықшылығы қандай? -Бірінші – бақытқа сарапшы қандай әңгіме айтады? -Екінші – Ғылымға қандай әңгіме айтты? -Үшінші – Ақылға қандай кеңес берді? Үшеуің біріккен ешбір мұң мұқтаждарың болмайды, - депті. Сергіту сәті: Биік болып өсеміз, Жапырақтай жайқалып, Табиғатты сүйеміз, Билеп-билеп аламыз. Кітапта ақыл, ғылым, бақыт бар ма? – деген сұраққа жауап іздейміз. Динамикалық үзіліс: «Кім тапқыр» ойыны.	Сұрақтарға жауап береді. Балалар ертегіні тындап, сұрақтарға жауап береді, түсінгендері бойынша әңгімелейді. Ертегіні рөлдерге бөліп сондайды. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Тапсырманы орындайды
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:
 Білуі тиіс: «Ақыл, ғылым, бақыт» ертегісін білу.
 Түсінігі: Ақыл, ғылым, бақыт туралы түсінігі.
 Көрсете білуі: Сұрақтарға толық жауап беру, ертегі мазмұнын әңгімелеу және рөлдерге бөліп сондау.

Бекітемін: *anf*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина
 Мад «э» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Күні: 28.09.2021 ж.
 Оқу қызметі: Ертегілер елінде
 Тақырыбы: Ақылды лақ
 Мақсаты:

«Ақылды лақ» ертегісін түсіндіру. Ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту.
 Ақылдылыққа, турашылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.
 Көрнекіліктер: Лактардың суреттері
 Қостілділік компонент: Ақылды – умный. лақ – козленок

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Атадан ақыл аламыз, Атамыз біздің панамыз, Атамыз біздің данамыз, Атадай адам боламыз.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: -Балалар, сендер қандай ертегі білесіңдер? -Өздерің білетін ертегідегі қандай кейіпкерлер сендерге ұнайды? „ -Бүгінгі сабақта «Ақылды лақ» ертегісін оқып, оның мазмұнын толық талқылап айтып беруіміз керек. Ертегіні оқып беру, мазмұнын сұрау. Ой шақыру: -Ертегі не туралы? -Ертегі сендерге ұнады ма? -Не себепті ертегі «Ақылды лақ» деп аталады екен? Жұмбақ шешу: Далада жүр шапқылап, Көрсеттім сак құлақ, Тек есектен басқада, „ Оған ұқсар жоқ құлақ. (Лак) Сергіту сәті. Биік Болып өсеміз, Жапырақтай жайқалып, Табиғатты сүйеміз, Денемізді тік ұстап. Билеп-билеп аламыз. Топтастыру әдісі: «Төрт түліктер» Динамикалық үзіліс: «Орамал тастамақ» ойыны.	Сұрақтарға жауап береді. Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді, түсінгендері бойынша әңгімеп, ертегі мазмұнын айтады. Жұмбақ шешеді. Балалар өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Тапсырмаларды орындайды
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:
 Білуі тиіс: «Ақылды лақ» ертегісін білу.
 Түсінігі: Ұй жануарлары туралы түсінігі.
 Көрсете білуі: Сұрақтарға толық жауап беру, ертегі мазмұнын әңгімелеу.

Бекітемін: *ad*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина
 Мад. «Ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Күні: 5.10.2021 ж.

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Жалқау мысық

Максаты:

Балаларға «Жалқау мысық» ертегісі туралы әңгімелеп беру. Оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге уйрету, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Балаларды еріншек, жалқау болмауға, еңбек етуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Қамба, астық, дән

Қостілділік компонент: Жалқау – ленивый, мысық – кот

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Мен – Мияу мысықпын, Өзім сондай пысықпын. Қастық ойлар дұшпанға Арамтамақ тышқанға Жолбарысына атылам Тісті аямай батырам.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: –Балалар, қандай ертегілерді білесіңдер? –Осы өздерің атаған ертегілердің қайсысын ұнатасыңдар? –Ол ертегі несімен ұнайды? Балаларға «Жалқау мысық» ертегісін оқып беру. Мұғалім ертегіні оқып беріп, балалардан не түсінгендерін сұрайды. Сергіту сәті. Сағаттын тілінден, Иіліп онға бір. Сағаттын тіліндей, Иіліп соғы бір. Сағатға карап-ақ, Жаттығу оңай-ақ. Ой шырқау: –Ертегі не жайында? –Балалар мысықтың істегендері дұрыс па? –Неге дұрыс емес деп ойлайсыңдар? –Үйдің несі жалқау мысықты неліктен үйден қуып жіберді? –Орманда бүрісіп отырған мысыққа сауысқан не деді? Мақал-мәтел айту. «Еріншектің ертені бітпес» «Жалқаудың жаны тәтті, Еңбектің наны тәтті» Топтастыру әдісі: «Жағымсыз қылықтар» Динамикалық үзіліс: «Ойлан, тап» ойыны.	Сұрақтарға жауап береді. Балалар ертегіні мұқият тыңдайды, түсінгендері бойынша ертегі мазмұнын әңгімелеп айтады. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. Мақал-мәтел айтады. Тапсырмаларды орындайды
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Жалқау мысық» ертегісін білу.

Түсінігі: Еріншек, жалқау болмау, еңбек ету туралы түсінігі

Көрсете білуі: Ертегі мазмұнын әңгімелеу, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айту.

Бекітемін: *ait*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Күні: 12.10.2021 ж.

Оқу қызметі: Ертегілер елінде
 Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі.
 Мақсаты:
 Ертегіде берілген үш аюдың мінез-құлқын бір-бірінен ажырата білуге, іс-әрекетін түсінуге,
 соның ішінде тұлкінің жаман қылықтарын көре білуге, үйрету.
 Көрнекіліктер: Тұлкінің, аюдың, қасқырдың суреттері
 Көстідділік компонент: Күшті – сильный, аю – медведь

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Кел балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Күлкі білесіңдер көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Кіріспе әңгіме: -Балалар сөдер тұлкі мен қоян туралы қандай әңгімелер, ертегілер, мультфильмдер? -Өткен сабақтағы біз қандай ертегімен таныстық? Мазмұнын кім айтады? «Үш аю» ертегісін оқу, мазмұнын түсіндіру. Ерте, ерте, ертеде үнгірде үш аю өмір сүріпті. Ең ірісі, мықтысы қазандай тасты доматтатады екен. Күштілігіне мақтанып, қасқыр, тұлкі сияқты кішкене аңдарға «Мені сыйлап жүретін болады» деп маза бермейді. Ақыры қасындағы екі серігінен бөлініп кетеді. Бір күні аюдың алдынан бір топ қасқырлар шығады, зәресі ұшқан аю талдың төбесіне шығып кетеді. Қасқырлар аюды күте-күте шаршап кетіп қалады. Аю жерге түсіп, жан-жағына сескене қарап келе жатса алдынан тұлкі шығады. –Аю аға, неден қорқып келесің? –Көп қасқырдан қашып келемін. – Онда бері жүрі-ңіз. Сол кезде аю батпаққа түсіп кетеді. Тұлкі сықылықтай күледі. Сүйтіп аю үнгірдегі екі серігіне қайтып оралады. Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі Кішкентай ағаштар, Үл-үлден боп өсед Ой шақыру: -Балаларды ертегіні түсіндік пе? Ертегі ұнады ма? -Күшті аюдың істеген қылығы дұрыс па? -Өзінен кішілерге күш көрсетуге бола ма? Динамикалық үзіліс: «Жалау алу» ойыны.	Сұрақтарға жауап береді. «Жалқау мысық» ертегісінің мазмұнын айтады. Балалар ертегіні мұқият тыңдайды, түсінгендері бойынша ертегі мазмұнын әңгімеп айтады. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. Тапсырманы орындайды
Қорытындылау	Бекіту, нысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Нысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:
 Білуі тиіс: «Үш аю» ертегісі білу.
 Түсінігі: Сыйластық, адамгершілік туралы түсініктері.
 Көрсете білуі: Сұрақтарға толық жауап беру, ертегі мазмұнын әңгімелеу.

Бекітемін: *af*

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина

Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Г.Сисенова

Күні: 19.10.2021 ж.

Оқу қызметі: Ертегілер әлінде

Тақырыбы: Түйе мен түлкі

Мақсаты:

Балаларды «Түйе мен түлкі» ертегісімен таныстыру, ертегіні оқып беру арқылы түнісініктерін қалыптастыру. Ой өрістерін, ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды адамгершілікке, шыншылдыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Түйе мен түлкі суреттері

Қосылдылық компонент: түлкі – лиса, түйе – верблюд

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Мен-мен басқан, мен басқан, Шудаларын жан басқан, Екі өркешін ком басқан, Төрт аяғын төн басқан. «Шок» дегенді «бық» деген Түйе деген жануар.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Кіріспе әңгіме: Тәрбиеші «Түйе мен түлкі» ертегісі оқып, балаларға ертегі мазмұнын түсіндіреді. Түлкі тоғайда түйені көреді. Денесі ойқы-шойқы, олпы-солпы екен, «Осыдан бірдене түсіп қалар» деп, алыстан аңдып жүреді. Бір күні түйе өзеннің арғы жағына өтеді. Оны бақылап тұрған түлкі: -Уа, түйе, су терең бе екен?-деп сұрайды. -Терең емес тізеден ғана. -Тізеден ғана болса таяз екен,-деп түлкі суға түсіп, арғы жағаға жүре бастайды. Өрі қарай жүрген сайын батып, қылқына бастайды. Сөйтіп түлкі түйеге айғай салады. -Тізеден дегенін қаша, мен батып барамын ғой! -Е, сенің тізен мен менің тізем бірдей ме? «Әлім білмеген - өлек» деген осы,-дейді түйе. Сергіту сәті: Ормандағы аюдың, Жемістерін ап қойдық Көзді дағы оны аю, Аю бізге тап болды. Топтастыру әдісі: «Жануарлар туралы естеліктер» Жұмбақ шешу: Иір-иір денесі, Сахараның кемесі. Ашы шоңтар тамағы, Шөлге шыдап бағады.(Түйе) Орманда тұрады, өзі бір ху, Жүрген жері айғай да шу.(Түлкі) Динамикалық үзіліс: «Сұр юя» ойыны.	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды, сұрақтарға толық жауап береді, ертегі мазмұнын түсінгендері бойынша әңгімесі айтады. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Тапсырма орындайды. Балалар жұмбақтың шешуін тауып айтады.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Түйе мен түлкі» ертегісін білу.

Түсінігі: Адамгершілік, шыншылдық туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Сұрақтарға толық жауап беру, ертегі мазмұнын әңгімелеу.

Бекітемін: *cf*
 Бастауыш оқу ісін меңгерушісі: С.Нұрмолдина
 Мад. «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Күні: 26.10.2021 ж.

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Арыстан, қасқыр, түлкі

Мақсаты: Балаларға «Арыстан, қасқыр, түлкі» ертегісін түсіндіру.

Оқыған шығарманы әңгімелеуге, диалог түріндегі сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету мен ойлау қабілеттерін дамыту. Ертегінің мазмұнын түсіндіру барысында балаларды инабаттылыққа, тазалыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Арыстан, қасқыр, түлкі суреттері

Қостілділік компонент: Арыстан - лев, қасқыр – волк, түлкі – лиса

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты. Алтын сәуле таратты. Жарқырасып даламыз. Жайнай берсін қаламыз	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Кіріспе әңгіме: -Түлкі туралы қандай ертегілер, мультфильмдер білесіңдер? -Өздерін білетін ертегіні айтып беріндерші? Балаларға ертегіні оқып беру және балаларға ертегіні рөлге бөліп әңгімелеу. Ой шақыру: -Арыстан ауырып қалғанда барлық аңдар келіп сұрап келеме? -Түлкі не үшін келмеді? -Қасқыр түлкінің келмегеніне наразы болған арыстанға не деп жамандайды? -Арыстан ауруланып, түлкіні не үшін шақырады? -Түлкі қасқырдың жамандығын біліп қоя ма? -Арыстанға түлкі «дәрі іздедім» дегенде арыстан қуанып кете ме? -Ол не дәрі? - дейді. Түлкі айтады: -Егер де тірі қасқырдың терісін сыпырып, жылыдай жалымсаңыз ауруыңыздан айығасыз. -Қасқырдың терісін сыпыра ма? -Түлкі қуанып шығып кете ме? -Түлкі қулығын асырып құтылып кетеді. Сергіту сәті. Кезіп ішін орманның. Кетіп қалма қорбаным, Қалың нудан бал таңдап. Қанғы берме балпандап Топтастыру әдісі: «Аңдардың атын атаңдар» Динамикалық үзіліс: Түлкінің қулығы.	Сұрақтарға жауап береді, өздері білетін түлкі туралы ертегілерді айтады. Балалар ертегіні мұқият тыңдап, ертегі мазмұнын рөлдерге бөліп айтады. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап береді. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Тапсырманы орындайды
Қорытындылау	Ертегідегі аңдардың мекені – орманның суретін салу.	Балалар сурет салады

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Арыстан, қасқыр, түлкі ертегісін білу.

Түсінігі: Жабайы аңдар туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Оқыған шығарманы әңгімелеуге, диалог түріндегі сөздерді мәнеріне келтіре айта білу.

Бекітемін; *cal*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова
 Күні; 9.11.2021 ж.

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Түлкі мен жолбарыс

Мақсаты:

Балаларға «Түлкі мен жолбарыс» ертегісін түсіндіру. Оқылған шығарманың мазмұнын балаларға әңгімелету арқылы тіл байлықтарын арттыру, қиялын дамыту. Жұмбақтарды шешу, мәнін түсіндіру, сыйластыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Түлкі мен жолбарыстың суреті.

Қостілділік компонент: Дос – друг, жолбарыс – тигр

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Мен – түлкімін, түлкімін, Қоймасымын күлкімін Ашық ауыз арбаймын Мықтымсыңған мақауды Құлығыммен алдаймын.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: Балалардан түлкі мен жолбарыс туралы қандай ертегілер, әңгімелер білетіндерін сұрау. Өткен сабақтағы «Арыстан, қасқыр, түлкі» ертегісін еске түсіріп, балалардан мазмұнын сұрау. Балаларға «Түлкі мен жолбарыс» ертегісін оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Кіріспе әңгіме: Бұрынғы уақытта жолбарыс пен түлкі дос болыпты. Екеуі бір жолдың басына еліп коньпты. Жолбарыс айтыпты: -Мен мына жардан құлап кетермін, сен түлкі, менен төмен жат,- депті. Сөйтіп, түлкі жолбарыстың аяқ жағына жатыпты. Жолбарыс ұйықтап қалғанда, түлкі жолбарыстың үстіңгі жағына шығып жатып: - Әй, жолбарыс, мені басып кеттің, арырақ жат!-депті. Жолбарыс жылжи бере, жардан құлап кетіпті. Құлап барып, өліп қалыпты. Сергіту сәті: Түн бітіп, таң атты Жел тұрып, боран болды. Күн бұлт, жаңбыр жауды Күн шайдай ашылды. Жұмбақ шешу: Орманда тұрады, өзі бір қу, Жүрген жері айғай да шу.(Түлкі) Динамикалық үзіліс: «Сұр қоян» ойышы.	Сұрақтарға жауап береді, «Арыстан, қасқыр, түлкі» ертегісінің мазмұнын айтады. Балалар ертегіні мұқият тыңдайды, ертегі мазмұнын түсінгендері бойынша әңгімеп айтады. Сұрақтарға жауап береді. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Балалар жұмбақ шешеді.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Түлкі мен жолбарыс» ертегісін білу.

Түсінігі: Сыйластық туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Ертегі мазмұнын әңгімелеу, жұмбақтың мәнін түсініп, шешу.

Бекітемін; *с.ф*

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина

Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова

Күні; 16.11.2021 ж.

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Сауысқан мен көжек

Мақсаты:

Балаларға «Сауысқан мен көжек» ертегісінің мазмұнын түсіндіру. Балалардың білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту, құстар мен жануарлар жайында айтылған ертегінің мазмұнын дауыс ырғағын келтіре отырып айтуға жаттықтыру.

Көрнекіліктер: Сауысқан мен көжектің суреттері

Қостілділік компонент: Сауысқан – сорока, қоян – заяц, көжек – зайченок

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Сауысқан, сауысқан! Жауыр атқан жабысқан! Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан! Қырда жауыр көрінсе Қиулатқан сауысқан!	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Кіріспе әңгіме: -Балалар, біз бүгін өте қызықты ертегі «Сауысқан мен көжек» ертегісімен танысамыз. Сауысқан - өте ақылды құс. Қоянның баласын көжек деп атайды. Ертегіні оқып беру, не түсінгендерін сұрау. Ой шақыру: -Сауысқан қандай құс? -Көжек қандай жануар? -Маңына не үшін жолатпайды? -Ертегі сендерге ұнады ма? Сергіту сәті: Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің, Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. Жұмбақ шешу: Артына қараса орыған қорқақ, Көзі қыли еді, Қыс пен жазда екі түрлі тоң киеді. (Қоян) Талдың басында Жемі бар қасында Там тұр сиялы, Достарға аялы. (Құс ұясы) Динамикалық үзіліс: «Соқыр теке» ойыны.	Балалар тәрбиеші әңгімесін тыңдайды, жануарлар мен құстар туралы өздері білетін ертегілерді айтады. Жана балалар ертегіні мұқият тыңдап, ертегі мазмұнын әңгімеп айтады. Сұрақтарға жауап береді. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Балалар жұмбақ шешеді.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Сауысқан мен көжек» ертегісін білу.

Түсінігі: Құстар туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Ертегі мазмұн дауыс ырғағын келтіріп әңгімелеу, жұмбақтың шешу.

Бекітемін; *cf*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова
 Күні; 23.11.2021 ж.
 Оқу қызметі: Ертегілер елінде
 Тақырыбы: Айлакер қоян
 Мақсаты:
 Балаларға «Айлакер қоян» ертегісінің мазмұнын түсіндіру. Балалардың білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту, айтылған ертегінің мазмұнын дауыс ырғағын келтіре отырып айтуда жаттықтыру. Балаларды қырағылыққа, ептілікке, тапқырлыққа тәрбиелеу.
 Көрнекіліктер: Айлакер қоянның суреттері
 Қостілділік компонент: Айлакер – хитрый, қоян – заяц

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Сағаттың тіліндей, иіліп солға бір, Сағаттың тіліндей, иіліп оңға бір, Оң аяқ, сол аяқ, жаттығу оңай-ақ, -Ал, енді балалар, сәл де болса бойымызды сергітіп алдық, енді орнымызға отырайық..	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Кіріспе әңгіме: -Балалар, біз бүгін өте қызықты ертегі «Айлакер қоян» ертегісімен танысамыз. -Балалар қоян қандай жануар? -Қоян туралы қандай ертегілер, мультфильмдер білесіңдер? Ертегіні оқып беру, мазмұнның сұрау. Ой шақыру: -Айлакер дегенді қалай түсінесің? -Қандай жабайы аңдарды білесің? -Оқылған ертегінің мазмұнында не туралы айтылған? -Неліктен «Айлакер қоян» деп айтылады? Сергіту сәті. Ұзын құлақ, сұр қоян Естіп қалып сыбырды, Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің, Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. Топтастыру әдісі: «Қоян» Динамикалық үзіліс: «Ытқып-ытқып секіру» ойыны.	Балалар сұрақтарға толық жауап береді Балалар ертегіні мұқият тыңдайды, түсінгендері бойынша ертегі мазмұнын әңгімеп айтады. Сұрақтарға толық жауап береді Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Тапсырманы орындайды
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Айлакер қоян» ертегісін білу.

Түсінігі: Қоян, қоян жануарының ерекшеліктері мен мінез-құлқы туралы түсініктері.

Көрсете білуі: ертегінің мазмұнын дауыс ырғағын келтіре отырып ауту.

Бекітемін; *af*

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина

Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова

Күні; 30.11.2021 ж.

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Бауырсақ ертегісі

Мақсаты:

Ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлықтары туралы білім беру. Балаларға ертегі мазмұнын мәнерлеп айта білуге үйрету. Балаларды қамқорлыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Суреттер, атрибуттар

Қостілділік компонент: Бауырсақ – колобок, ата – дедушка, апа – бабушка

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Менің атым бауырсақ, Мені пышақпен қырып алды, Қанатпен сыпырып алды, Қаймаққа иеді, майға пісіреді! Терезенің алдына суытты.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: -Балалар бүгінгі сабақта «Бауырсақ» ертегісін оқып, мазмұнын толық айтып беруіміз керек. Ертегіні балаларға айтып беру, мазмұнын сұрау. Ой шырқау: -Шал кемпіріне қандай тағам түрін пісіруді ұсынады? Жауабы: -Неден пісіріп берейін? Үйде ұн жоқ. -Кемпір бауырсақты пісіріп, терезенің алдына қойғанда бауырсақ қашып кете ме? -Жолдан домалап бара жатқанда, алдынан қандай жануар шығады? Бауырсаққа: -Мен сені жеп қоямын!-дейді. Сергіту сәті. Тербеледі ағаштар. Алдымнан жел еседі Кіп-кішкентай ағаштар, Үп-үлен боп өседі Алдынан қасқыр шығып: -Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеп қоям!-дейді. Қасқырдан өлендеп, құтылғаннан кейін, аю: -Мен сені жеп қоям!-дейді. -Мен атадан кеттім. Әжеден, қояннан, қасқырдан . Аю сенен де құтылуға көп қулық керегі жоқ! -Қандай әдемі өлең.-деді түлкі. Өттен мен кәрімін менің тұмсығыма мініші. -Бауырсақ түлкінің тұмсығына мініп өлеңді айтып бере ме? - Менің тіліме келіп отырып, өлеңді ақырын бір рет айтшы.-деді де, түлкі шығара салып, әндеткенде жеп қойды ма? Динамикалық үзіліс: «Алшы» ойыны.	Балалар ертегіні мұқият тыңдайды, түсінгендері бойынша ертегі мазмұнын әңгімеп айтады. Сұрақтарға толық жауап береді Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Сұрақтарға толық жауап береді
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Бауырсақ» ертегісін білу.

Түсінігі: Ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлықтары туралы түсініктері.

Бекітемін; *С.Н*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина
 Күні: 7.12.2021 ж.

Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Сисенова Т.

Оқу қызметі; Ертегілер елінде

Тақырыбы: Макта қыз бен мысық (ертегіні әңгімелеу)

Максаты:

Білімділік: Балаларға макта қыз бен мысық ертегісін айтып, білімдерін толықтыру.

Дамытушылық: Балалардың ой-өрісін дамыту үшін ертегі кейіпкерлерінің іс-қимылдарын, көрсете алуға үйрету.

Тәрбиелік: Ертегі тыңдай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілік: Қоржын, ертегі кітаптар, кейіпкерлер суреттері.

Әрекетті ұйымдастыру	Тәрбиешінің әрекеті	Балалардың әрекеті
Ұйымдастыру кезеңі	Тәрбиеші Ерден ата қонаққа келетінін хабарлайды.	Балалар қонақты қарсы алуға дайындалады.
Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу	Топқа Ерден ата келеді. Балалармен амандасады. -Ерден ата балалар мен сендерге құр қол келген жоқпын,өзіммен бірге қоржынымды ала келдім. Мұнда көптеген суреттер бар және ертегі кітабым бар. Д/о « Таңдап ал да атын айт » Максаты: Ертегі кейіпкерлерін тани білуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту. Тәрбиеші балаларды кілемнің үстіне шақырады. Ерден ата ертегіні әңгімелейді. Баяғыда макта қыз бен мысық дос болыпты. Макта қыз жер сыпырып жүріп мейіз тауып алыпты да мысығын шақырыпты. -Мысығым, мысығым бері келші дейді, мысығы келмейді. Біраз уақыт өткен соң мысық келеді.мақтақыз сен мені неге шақырдың дейді. Мактақыз мен бір мейіз тауып алдым, сен келмеген соң өзім жеп қойдым дейді. - Мысық мен саған ренжідім, қазір сенің қатығыңды төгемін дейді, де Мактақыздың қатығын төге салады.Мактақыз болса мысықтың құйрығын жұлып алады.Бір күні мысық мактақызға келіп менің құйрығымды берші дейді. - Мактақыз сен менің қатығымды төле. Мысық қатық сұрап сиырға келеді.Сиыр, сиыр сен маған қатық берші дейді. -Сиыр менің қарыным аш,маған жапырақ әкеп бер дейді. Мысық не істерін білмей ағашқа барады. - Ағаш, ағаш маған жапырақ берші дейді.Ағаш мен шөлдеп тұрмын маған су керек.Су әкеліп берсең мен жапырақ беремін дейді. Мысық су іздеп көшеге шығады.Алдынан қыздар шығады.Мысық қыздар, қыздар су беріндерші дейді.Қыздар бізге сағыз әкеп берсең біз су береміз дейді. Мысық дүкенге келеді. Дүкеншіден сағыз сұрайды. Дүкенші мысықтан жұмыртқа сұрайды. Мысық тауыққа барады. Тауық тары сұрайды. Мысық амалы таусылып далада отырады.Кәнеки балалар мысыққа көмектессейік. Serгіу сәті: Пеш үстінде мысық отыр. Екі көзін қысып отыр, Тышқанның етін жегісі кеп. Тісі қышып отыр. Бір мезетте бір тышқан қасынан өтіп бара жатады, мысық ұстап алып үйінде не бар дейді. Мысықтан қорыққан тышқан бір уыс тарым бар соны берейін жемеші мені дейді. Мысық тез тарынды алып кел дейді. Тышқан жүгіріп	Балалар ерден атаға қызығушылықпен таңдана қарап амандасады. Балалар макта қыз бен мысық ертегі кейіпкерлерін таңдап алады. Балалар кілем үстіне жайғасып Ерден атаны мұқият тыңдайды. Балалар макта қыз бен мысықтың достық әрекетін, жүріс-тұрысын көрсетеді. Балалар сергіту сәтін орындайды.

	тарыны өкеледі. Мысық тарыны тауыққа береді. Тауық жұмыртқасын береді. Жұмыртқаны алып дүкеншіге келеді. Дүкенші сағыз береді. Сағызды алып қыздарға келеді. Қыздар су береді. Мысық суды алып ағашқа келеді. Ағаш жапырақтарын береді. Мысық жапырақты алып сиырға береді. Сиыр қатығын береді. Мысық қатықты алып Мақтақызға келеді. Мақтақыз мысықтың құйрығын жалғап береді. Сөйтіп мақтақыз бен мысық татауласып қайтадан тауту-тәтті өмір кешіпті. До «Кім не істеді» Мақсаты: ертегі желісі бойынша әңгімелеу.	Балалар ертегіден түсінгендерін қысқаша әңгімелейді.
Рефлексия- түзету жұмыстары.	Балалар бүгін қандай ертегімен таныстық? Қандай кейіпкерлер ұнады.	Балалар қандай ертегі-мен танысқандарын. Қандай кейіпкер-лер болғанын баяндайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Ертегі кейіпкерлерін біледі.

Түсінігі бар: Ертегі кейіпкерлерінің қимыл –өрекеттері, мінезі жайлы түсініктері бар.

Орындай алады: Ертегіні қысқаша әңгімелейді.

Бекітемін; 
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова
 Күні: 14.12.2021 ж.

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай

Максаты:

Балаларға Алдар көсенің халық кейіпкері екенін, халықтың жағын жақтаушы, жанашыры болған адамдардың бейнесі екенін, жамандыққа жаны қас, оны әшкерлеуді жаны сүйетінін түсіндіру.

Көрнекіліктер: Ертегі кейіпкерлерінің суреті

Қостілділік компонент: жақсы – хорошый, жаман – плохой

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Атадан ақыл аламыз, Атамыз біздің панамыз, Атамыз біздің данамыз, Атадай адам боламыз.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Балалардан адамдар іс-әрекеті туралы, қандай ертегілер білетіндері туралы сұрау, ондағы жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне қысқаша талдау жасау. Алдар көсе туралы қандай ертегілер, кинофильмдер білетіндерін сұрау. Бір екеуінің мазмұнын айтқызу. Ертегі оқып беру, мазмұнын сұрау. Сергіту сәті. Мынау менің жүрегім, Бәрі осыдан басталған. Мынау басым ақылды, Бәрін өзі басқарған. Мынау менің оң қолым, Мынау менің сол қолым, Барлық істі атқарған. Ертегіні рөлге бөліп, балаларға әңгімелету. -Қазір, балалар, осы ертегіні жеке-жеке рөлге бөліп әңгімелеп шығамыз. Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне қарай және жағымды, жағымсыз кейіпкерге жатқызатынын сұрау. Ой шырқау: -Ертегі не жайында? -Неге жағымды және жағымсыз деп атаймыз? -Алдар көсе қандай адам? -Шықбермес Шығайбай қандай адам? Топтастыру әдісі: «Жағымды», «Жағымсыз» Макал-мәтел айту. «Жақсап байқап сөйлер, Жаман шайқап сөйлер	Балалар сұрақтарға жауап береді. Өздері білетін ертегі мазмұнын айтады. Ертегі тыңдап, мазмұнын әңгімелейді. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Ертегіні рөлдерге бөліп сондайды. Сұрақтарға толық жауап береді. Тапсырмаларды орындайды. Макал-мәтел жаттайды.
Қорытындылау	Балаларды жақсылық жасауға, басқалармен бөлісе білуге үйрету арқылы сабақты бекіту. Балаларды мадақтау, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай ертегісін білу.

Түсінігі: Жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің іс-әрекеттері туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Ертегі мазмұнын әңгімелеп айту, рөлдерге бөліп сондау.

Бекітемін: *С.Н.*

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина

Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова

Күні: 21.12.2021 ж

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Түлкі мен бөдене

Мақсаты: «Түлкі мен бөдене» ертегісімен таныстырып, мазмұнын меңгерту.

Шығарманы жүйелі баяндап, өз көзқарасын мәнерлеп айтуға калыптастыру. Адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Түлкінің бөдененің суреттері

Қостілділік компонент: түлкі – лиса, бөдене – кукушка

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Мен – түлкімін, түлкімін, Қоймасымын күлкінің Ашық ауызды арбаймын Мықтымсыңған мақауды Қулығыммен алдаймын.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Кіріспе әңгіме. -Түлкі туралы қандау ертегілер білесіңдер? -Өздерін білетін ертегілердегі қандай кейіпкерлер сендерге ұнайды? -Біз бүгін «Түлкі мен бөдене» ертегісімен танысамыз. Ертегіні оқып беру, мазмұнын сұрау. Сергіту сәті: Биік болып өсеміз, Жапырақтай жайқалып, Табиғатты сүйеміз, Билеп-билеп аламыз. Ой шырқау: -Ертегі не туралы? -Ертегіде сендерге не ұнады? -Түлкі мен бөдене қандай дос болыпты? -Түлкі бөденеден не деп сұрап, өтінеді? -Бөдене сиыр сауып отырған кемпірдің үстіне қона ма? Топтастыру әдісі: «Жабайы жануарлар» Динамикалық үзіліс: «Өз үйінді тап!» ойыны.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Ертегіні тыңдайды, мазмұнын әңгімеп айтады. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап береді. Тапсырмаларды орындайды.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Түлкі мен бөдене» ертегісін білу.

Түсінігі: Түлкі, түлкі жануарының ерекшеліктері мен мінез-құлқы туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Ертегіні жүйелі баяндап, өз көзқарасын мәнерлеп айту.

Бекітемін; 

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина

Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова

Күні; 28.12.2021 ж

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Қожа мен көрші

Мақсаты:

«Қожа мен көрші» ертегісі туралы мағлұмат беру. Балаларға ертегіні түсіндіру барысында балалардың тіл байлықтарын, тапқырлықтарын, есте сақтау қабілеттерін дамыту, қалыптастыру.

Көрнекіліктер: Қожа мен иттің суреті

Қостілділік компонент: Ит – собака, дос - друг, өтірік – ложь

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Мен – күшік Сакқулак, Ойнаймын шапқылап. Серікпін қашанда, Малшыға, шопанға.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ертегіні әңгімелеу: Балаларға Қожа мен көрші туралы ертегілерін оқып беру, қалауы бойынша таңдаған ертегілерін өздеріне әңгімелету. Сергіту сәті: Қызыл қанат көбелек Жасыл қанат көбелек Гүлден-гүлге қонасын, Ұстатпайсың не керек? Ой шырқау: -Ертегі не туралы айтылған? -Көршісі Қожанасырға не үшін ренжіді? -Үй ішімізбен ұйықтай алмадық. -Қожанасырдың иті түнімен үріп шықты ма? -Қожанасыр көршісіне тапқырлығымен не деп жауап берді? -Ертегіні тағы бір рет тыңдаңдар. Содан соң өздерін толық айтып бересіңдер. -Қожа көршісіне не деді? -Ит адамға не үшін көмектеседі? -«Өтірік өрге баспас» дегенді қалай түсінесіңдер?(Балалармен осы мақалды екі-үш рет қайталау) Жұмбақ жасыру. Адамға серік, Күзетке берік.(Ит) Динамикалық үзіліс: «Кім шапшаң» ойыны.	Балалар ертегіні тыңдайды. Ертегі мазмұнын әңгімеп айтады. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Сұрақтарға толық жауап береді. Ертегіні екі-үш бала бірін арттынан бірі жалғастырып айтып шығады.Сұрақтарға жауап береді. Мақал-мәтелді екі-үш рет қайталап жаттайды. Жұмбақ шешеді.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Қожа мен көрші» ертегісін білу.

Түсінігі: Халық ауыз әдебиеті туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Ертегі мазмұнын айту, сұрақтарға толық жауап беру, мақал-мәтел айту, жұмбақ шешуін табады.

Тәрбиеші: Сисенова Т.
Оқу қызметі: Ертегілер елінде
Тақырыбы: «Түлкі мен тырна» ертегісі (оқу, талдау)
Мақсаты:

Білімділік: Айтылған ертегінің мазмұнын, дауыс ырғағына келтіре отырып, дұрыс айтуға жаттықтыру.
Дамытушылық: Тіл байлығын дамыту, сөздік қорларын молайту.
Тәрбиелік: Қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеуге үйрету.
Қолданылатын көрнекіліктер: түлкі, тырна, ертегі желісі бойынша суреттер.

Тәсілдері, кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Әрекетті туындату, түрткі болу	Тәрбиеші балаларға саяхатқа шығатындарын хабарлайды.	Балалар саяхатқа дайындалады.
Ұйымдастыру жұмыстары, ізденіс жүргізу	Тәрбиеші балаларға ертегілер әлеміне ұшатын кілеммен баратындарын айтып, кілеммен ертегілер еліне келеді. Жұмбақ жасыру Д/о «Кім тапқыр» Мақсаты: Балалардың жылдамдығын тапқырлығын анықтау, ой-өрісін дамыту. Өзі қу, жүрген жері айғай да шу. Ол не? (Түлкі) Жұмбақтың жауабы шешілген кезде сиқырлы сандықтан кітапты алып шығады. Тәрбиеші балаларға «Түлкі мен тырна» ертегісін мәнерлеп бірнеше рет оқып береді. - Ертегі қалай аталады? - Ертегі қандай сөздермен басталады? - Тырна не деп айтты? - Ал түлкі қалай жауып береді? - Тырна құтылатын қандай амал табады? - Ертегі қалай аяқталды? Сергіту сәті: «Түлкі, түлкі түлкішек» Жаңа сөздер: амал-шешім, құтылу-қашып кету, шыбық салыпты- соқты. Балаларға сөздердің мағыналары түсіндіріледі. Мақал жаттаймыз: «Алпыс амал түлкіде, алпыс екі амал адамда» Дидактикалық ойын: «Әрекетерін ата» Мақсаты: Балаларды суретті қарай отырып істеген әрекеттері бойынша әңгіме құрату.	Балалар ертегілер еліне кілеммен ұшатындарына қуанады. Балалар тәрбиешінің айтқан жұмбағын шешеді. Балалардың назары сандықтан шыққан кітапқа ауады. Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Балалар ертегі желісі бойынша жетектеуші сұрақтар арқылы ертегіні айтып шығады. Балалар тәрбиешімен бірге қимылдарын келтіре отырып сергіту жаттығуларын жасайды. Балалар қайталап айтады. Балалар мақалды бірнеше рет қайталап жаттайды. Балалар үстел үстіне суретті алып ондағы, қимыл әрекеттері бойынша әңгіме құрайды. Мысалы: Түлкі жүгіріп келе жатыр. Тырна ұшып келеді. Тырна апанға кіреді. Адам інді қазады.
Рефлексия-түзету жұмыстары (коррекция)	Сурет бойынша әңгіме құрастыру, оларды сипаттау. Түлкі суреті қандай? Тырна суреті қандай? Балалардың жетістігін әңгімелеу.	Түлкі қу, ақылды, батыл, әдемі, сұлу, түсі сарғыш. Ол орманда, далада өмір сүреді. Тырна ақылды, әдемі, түсі сұр. Балалар риза болады.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Балалар ертегі кейіпкерлерін біледі.
Түсінігі бар: Түлкі, тырна, апан, амал сөздері туралы түсінігі бар.
Орындай алады: Ойындарға қатысып, сұрақтарға жауап береді.

Бекітемін; *ef*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова
 Күні; 18.01.2022 ж
 Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Қотыр торғай

Мақсаты:

«Қотыр торғай» ертегісін түсіндіру. Оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету. Құстарға, жануарларға деген сүйіспеншіліктерін дамыту.

Көрнекіліктер: Суреттер, атрибуттар, т.б.

Көстілділік компонент: құс – птица, құстар – птицы, торғай – воробей

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Торғай, торғай, торғайсың, Тауға келіп қонғайсың Жем шашайын тойып ал, Сонда аязға тоңбайсың.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: -Бүгін «Қотыр торғай» ертегісімен танысамыз. Ертегіні оқып беру және мазмұнын түсіндіру. Сергіту сәті. Қанат жаям жалма-жан, Талпынғандай ұшуға. Иіліп келіп қол созам, Аяғымның ұшына. Ой шақыру: -Бір қотыр торғай неге қарап отыр? -Ешкі, ешкі, ана шеңгелдің сылдырмағын неге жемейсің? Торғай: -Қап бәлем, сені қасқырға айтпасамба? -Қасқыр, қасқыр, ана ешкіні неге жемейсің? -Жылқышы, жылқышы, ана қасқырды неге ұрып алмайсың? -Қап бәлем, сені байға айтпасам ба? -Бәйеке, бәйеке, ана жылқышынды неге ұрмайсың? -Тышқан, тышқан, неге ана байдың қоспасын жемейсің? Балалар, балалар, ана тышқанды неге ұрып алмайсыңдар? -Кемпір, кемпір, ана балаларды неге ұрмайсың? -Құйын, құйын, кемпірдің жүнін неге ұшырмайсың? -Қотыр торғай шеңгелден өшін алды ба? Динамикалық үзіліс: «Кім жылдам» ойыны.	Ертегіні тыңдайды. мазмұнын әңгімеп айтады. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап береді диалогты сөздерді мәнеріне келтіре айту. Түсінгендерін әңгімелеп айтады.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Қотыр торғай» ертегісін білу.

Түсінігі: Құстарға, жануарларға деген сүйіспеншілік пен тамқорлық туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Ертегі мазмұнын әңгімелеу, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айтау.

Бекітемін: *С.С.*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Күні: 25.01.2022 ж
 Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қарлығаш пен Дәуіт» ертегісі
 Мақсаты: Балаларға кейіпкерлердің мінезі туралы білім беру. Ертегі мазмұнын мәнерлеп айта білуге үйрету. Балаларды қамқорлыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу.
 Көрнекіліктер: Суреттер, атрибуттар.
 Қостілділік компонент: дәуіт - богомол, қарлығаш – ласточка, жылан – змея

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Ауламызда бау бүрлеп, Қанатымызды жазайық Шешек атып жайнайды, Қарлығаш боп ұшайық	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: -Балалар, бүгін сендерге «Қарлығаш пен дәуіт» деген ертегіні оқып беремін. Сендер мұқият тыңдап, түсінгендеріңді айтып бересіңдер. Сергіту сәті. Аппақ болып таң атып, Түгін тіке ұшды. Қарлығаштар қанатын, Самғап, биік ұшадy. Ой шақыру: -Қарлығаш ұясын қайда салды деп ойлайсыңдар? -Иә, дұрыс, себебі қарлығаштың балапандарын жылан жеу үшін ұяға өрмелеп келе жатыр еді. -Көкек не деп жауап берді? -Қарлығаш тағы қандай құстан көмек сұрады? -Ал, қарға қарлығашқа не деп жауап берді? -Қарлығаш шырылдап ұшып жүріп неге кездесті? -Қарлығаш өзінің не үшін зарлап жүргенін дәуітке жеткізді. -Жауыз жылан балапандарымды жұтпақшы болып ұяға өрмелеп жетіп қалды,-деп жылап жіберді. -Дәуіт қарлығашқа не айтты? -Дәуіт жыланға не істеді? -Балалар, көкек пен қарға дұрыс істеді ме? -Содан кейін қарлығаш пен дәуіт не істеді? Динамикалық үзіліс: «Бұл қай құс?» ойыны	Ертегіні тыңдайды, мазмұнын әңгімеп айтады. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Сұрақтарға толық жауап береді. -Көкек қонаққа барамын, уақытым жоқ,-деп жауап берді -Қарғалап. -Мазамды алма, үйленгелі жатырмын,-деді. -Дәуітке. -Олай болса мен тезірек барайын,-деді дәуіт. - Жыланның екі көзін ойып алды. -Көкек пен қарға дұрыс істеген жоқ. -Екеуі айнымас дос болды
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Қарлығаш пен дәуіт» ертегісін білу.

Түсінігі: Ертегі кейіпкерлерінің мінезі туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Ертегі мазмұнын мәнерлеп айту, сұрақтарға толық жауап беру.

Бекітемін: *С.Н.*

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина

Мад «Ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова

Күні; 1.02.2022 ж

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Лактар мен қасқыр

Мақсаты: «Лактар мен қасқыр» ертегісін түсіндіру. Ой-өрістерін, ойлау қабілеттерін дамыту. Төрт түлікті баптауға, күтуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Қасқырдың, лактардың суреттері, жиналмалы атрибуттар

Қостілділік компонент: ешкі – коза, лактар – козлята, қасқыр – волк

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Сағаттың тіліндей, иіліп солға бір, Сағаттың тіліндей, иіліп оңға бір, Оң аяқ, сол аяқ, жаттығу оңай-ақ, -Ал, енді балалар, сәл де болса бойымызды сергітіп алдық, енді орнымызға отырайық..	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: -Балалар, бүгінгі сабақта «Қасқыр мен лактар» ертегісін оқып беріп, оның мазмұнын толық талқылап айтып беруіміз керек. Ой шақыру: -Ертегі сендерге ұнады ма? -Ертегі не туралы? -Лактардың енесі қайда кетті? -Лактар үйде жалғыз қалды ма? -Ешкі үйде жок кезде үйге кім келді? -Қасқыр қандай қулық пайдаланды? т.б. Такпак жаттау. Лак Жалт-жұлт етіп лак, Жағалайсың бұлақ, Секірем деп бірақ, Қала көрме құлап. Сергіту сәті. Орман әсем күзде ерек – Жерге алтындай жарқырап, Бұтағынан көк терек Төгіледі жапырақ. Топтастыру әдісі: «Қасқыр қандай аң?» Динамикалық үзіліс: «Қой мен қойшы» ойыны.	Ертегіні тыңдайды, түсінгендері бойынша ертегі мазмұнын әңгімелейді. Сұрақтарға толық жауап береді. Такпак жаттау. Өлең мазмұнына қарай кимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Балалар тапсырмаларды лорындайды.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақта-рына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Лактар мен қасқыр» ертегісін білу.

Түсінігі: Төрт түлік, төрт түліктің пайдасы, оны баптау, күту туралы түсінік

Көрсете білуі: Ертегі мазмұнын мәнерлеп айту, сұрақтарға толық жауап беру.

Бекітемін: *С.Н*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова
 Күні: 15.02.2022 ж
 Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Жыл басына таласқан хайуанаттар

Мақсаты: Балаларға «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі туралы түсінік беру.

Оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеуге және ой-өрістерін, сөйлеу дағдыларын жетілдіру.

Жануарларға деген сүйіспеншілігін, қамқорлығын дамыту. Қарағылыққа, тапқырлыққа, батырлыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Жыл басына таласқан хайуанаттардың суреті

Қостілділік компонент: Жыл – год, хайуанаттар, жануарлар – животные

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Жыл басына таласқан хайуанаттардың іс-әрекетін толық баяндау.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: - «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісімен танысамыз. Ертегіні оқып беру, мазмұнын сұрау. Жұмбақ жасыру: Үй ішін аралап, Түнде көп жортады. Қаптарды жарып, Мысықтан қорқады. (Тышқан) Сергіту сәті: Он екі ай өтті, Жана жылға жетті, Бір жасқа мен есейдім, Өстіп жылда өсемін. Ой шақыру: -Ертеде хайуанаттар жыл ағасы болуға таласты ма? -Түйе, сиыр қандай күштерін көрсетеді, сынасады? -Қой қандай пайдасын айтады? -Қасқыр алып, үйді қорып, дұшпан көрінсе үріп, абалап, иеме хабар берем.-деді. Ит таласа ма? -Таңертең ерте тұрып, таң атты деп шақырып, хабар айтам деп күшіне тауық сынаса ма? -Бұл таласқаннан еш нәрсе өнбес, жылды тұралық та, қаралық, кім бірінші көрінсе, сол жыл басы болсын,- депті. -Тышқан түйенің үстіне шығып, өркешінің басына отырып, қай хайуан таласып, біз көреміз, тұрғанда ең биіктен тышқан көреді ме? -Тышқан көріп, хабар беріп, жыл басы болады ма? -Түйе бойына сеніп құр қалыпты ма? Топтастыру әдісі: «Жыл басына таласқан хайуанаттарды ата».	Ертегіні тыңдайды, түсінгендері бойынша ертегі мазмұнын әңгімелейді. Жұмбақ шешеді. Олең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Сұрақтарға толық жауап береді
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Балалар тапсырмаларды лорындайды. Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін білу.

Түсінігі: Үй және жабайы жануарлар туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Ертегі мазмұнын айту, сұрақтарға толық жауап беру.

Бекітемін: *С.Б.*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Күні: 22.02.2022 ж
 Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Алтын сақа

Мақсаты: Ертегідегі берілген хайуанаттардың, жануарлардың мінез-құлқын түсіне білуге үйрету. Бай және кедей баласы, жалмауыз кемпір, алтын сақа, тай, қарға, түлкі мен иттерді топтастырып, қазақ халық ертегілеріне қызығушылықтарын дамыту.

Ертегіні түсіндіру барысында балаларды бір-біріне көмек беруге, еңбек етуге, күншіл болмауға, жалқау, еріншек болмауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Ертегі кейіпкерлерінің суреттері

Қостілділік компонент: Жалмауыз кемпір – бабаяға

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Ата-аналармен жұмыс: «Алтын сақа» туралы ертегілерді үйде оқып беру керектігін айту. Шаттық шеңбері: Армысың, асыл күн! Армысың, асыл жер» Армысың жан досым! Жылуыма жылу қос!	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	-Балалардан өздері білетін хайуанаттар жайлы сұрау Ертегіні әңгімелеу. «Алтын сақа» туралы ертегілерді оқып, әңгімелеп беру. Балалардың қалауы бойынша ертегілерді балалардың өздеріне әңгімелету. Оқулықтарды пайдалана отырып, әр ертегінің өз кейіпкерін тауып, ертегілерді топтастыруды үйрену. Әр ертегінің өз кейіпкерін тауып, арасын әр түрлі қарындашпен қосу. «Алтын сақа» ертегісінің мазмұнын түсіндіру. Сергіту сәті. Ара, ара, аралар. Гүлдерден сорып бал алар. Алысқа ұшып бара алар, Бал тәтті гөй балалар! Ой шақыру: -Ертегі не туралы айтылған? -Ертегі қандай сөздерден басталады? -Өткен заманда байдың әйелі не туады? -Бай жылқыларын сұрағанда не көреді? -Өкпеден үркіген малдың жылқылары суды ішеме? -Бай құрық пен өкпелі түртіп көргенде неге айналды? -Жалмауыз кемпір байдың жағасынан ұстап, не сұрады? Тақтамен жұмыс: Тақтаның ортасына әкенің, шешенің суреттерін іліп қою. Динамикалық үзіліс: «Ағаштар» -бірінші ағашқа, қыздардың ойыншықтарын жасау. -бірінші ағашқа, ұлдардың ойыншықтарын жасау.	Ертегіні тыңдайды, түсінгендері бойынша ертегі мазмұнын әңгімелейді. Тапсырмаларды орындайды Өлең мазмұнына қарай қимылдар жасайды. Сұрақтарға толық жауап береді Балалар тапсырмаларды лорындайды.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Алтын сақа» туралы ертегілерді білу.

Түсінігі: Көмек беру, еңбек ету, күншіл болмау, жалқау, еріншек болмау туралы түсініктері

Көрсете білуі: Ертегі мазмұнын айту, сұрақтарға толық жауап беру.

Бекітемін; *С.Н.*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова
 Күні; 1.03.2022 ж
 Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс
 Мақсаты: Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, ертегі кейіпкерлері туралы білімдерін жетілдіру. Шығарманың мазмұнын әңгімелеуге, диалог түрінде сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету мен ойлау қабілеттерін дамыту. Ертегінің мазмұнын түсіндіру барысында балаларды инабаттылыққа, адамгершілікке, тазалаққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.
 Көрнекіліктер: Кедей бала, 40 бөкше су, арба суреттері
 Қостілділік компонент: Әке –отец, баласы, ұлы –сын

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Күліп шықты күн бүгін, Қайырлы таң! Қайырлы күн!	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	-Бүгінгі сабақта «Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс» ертегісін оқып, мазмұнын айтамыз. Ертегіні оқып беру, түсінгендерін сұрау. Сұрақтар бойынша жұмыс: -Ертегі сендерге ұнады ма? -Ертегіде бір кедейдің баласына қандай өсиет айтады? -Әкесі дүниеден қайтқан соң үш баласы қандай қызмет істейді? -Үлкен баласы байдан не сұрайды? -Бай үлкен ұлының басын не үшін алады? -Кіші ұлын жұрт не деп атайды? -Бірқарыс ағаларын іздеп, қандай қиындықтар көреді? -Ақырында байға баралы да, қандай жұмыс сұрайды? -Бірқарыс, ала нарды отқа жібер? -Нарды өртегенің не? Сергіту сәті: Бойды бүкпей, тік ұста, Еркін тұрып тыныста, Жай оң қолды сол жақа, Жай сол қолды оң жақа Қолды айналдыр, Екі шеңбер сызғандай Сәл тынығып байқа да, Он шақты рет қайтала. Жұмбақ шешу: Шапаным да, тоным да, Арқаным да, таным да Атам соның соңында, Таяғы бар қолында. (Қой мен ешкі) Кезекті бір жануар, Үстінде екі тауы бар. (Түйе) Динамикалық үзіліс: «Кімге не жарасады?» ойыны.	Ертегіні тыңдайды, мазмұнын айтады. Сұрақтарға толық жауап береді, түсінгендерін әңгімелейді. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Балалар жұмбақтарды шешеді.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс» ертегісін білу.

Түсінігі: Шыншылдық, адамгершілік туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Ертегіні әңгімелеу, диалог түрінде сөздерді мәнеріне келтіре айту.

Бекітемін; *cf*

Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина

Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова

Күні; 15.03.2022 ж

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Бес ешкі» ертегісі

Мақсаты: Балаларға «Бес ешкі» ертегісі туралы түсінік беру. Оқылған шығарма мазмұнын әңгімелеуге және сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Жануарларға деген сүйіспеншілігін, қамқорлығын дамыту. Қарағылыққа, тапқырлыққа, батырлыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Бес ешкінің суреті

Қостілділік компонент: бес – пять, ешкі – коза, кедей – бедный

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Ерте тұрып Дәмелі, Шынықтырды денені Мектебіне барады, Күнде бестік алады.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: -Балалар, біз бүгін өте қызық «Бес ешкі» ертегісімен танысамыз. Жұмбақ жасыру: Басында екі таяғы бар, Адам деуге болмайды Сақалы тағы бар.(Ешкі) Сергіту сәті: Кел билейік, кел билейік, Неге тұрсың билемей? Кел билейік, үйренейік, Неге тұрсың үйренбей? Ой шақыру: -Бір кедейдің қанша ешкісі бар? -Кедей ешкілерін байға не үшін қосады? -Қара тоқты, қара тоқты, сені жейм, -депті қасқыр. -Ағатай, ағатай, мені жеме, ана жерде бес ешкі тұр, соны же, -депті тоқты. Жарайды, -депті де қасқыр аузын ақсита түсіп, бес ешкіге жетіп келіпті. -Бес ешкі, бес ешкі, мен сендерді жеймін! -Қасеке, қасеке, бізді жеме, ана жерде жалы құлағынан асқан құла ат құдыққа түсіп жатыр, соны же, -дейді бес ешкі. -Құла ат, құла ат, мен сені жеймін! -депті қасқыр. -Жарайды, -деп, қасқыр құла атқа құйрығынан мықтап тістеді де, құдықтан шығарып алады. -Құла ат құлығын жымырып, артқы бауырына алынқырап жүре ме? Топтастыру әдісі: «Төрт түлік» Динамикалық үзіліс: «Қой мен қойшы» ойыны.	Ертегіні тыңдайды, мазмұнын айтады. Жұмбақ шешеді. Өлең мазмұнына қарай қимылдар жасайды. Сұрақтарға толық жауап береді, түсінгендері бойынша әңгімелейді. Балалар тапсырмаларды ортындайды.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: Балаларға «Бес ешкі» ертегісін білу.

Түсінігі: Жануарларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлық жасау туралы түсініктері.

Бекітемін; *ef*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова
 Күні; 5.04.2022

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі

Мақсаты: Ертегілердің поэзия тілімен де жазылатын туралы түсіндіріп, білімдерін қалыптастыру. Поэзия тілінде жазылған ертегіні түсіне білуге үйрету. Поэзия тілімен жазылған ертегіні қара сөзбен айтып беру шеберлігін қалыптастыру. Поэзия тілінен проза тілін ажырата білу дағдысын дамыту.

Көрнекіліктер: Қарлығаштың, масаның, есектің, айдаһардың жеке суреттері, көркем әдебиет әліппесі.

Қостілділік компонент: қарлығаш – ласточка, жылан- змея, маса – комар

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері. «Қарлығаштар қанатын самғап, биік ұшады» дегенде, оқушылар өздерінің екі қолын жайып қарлығаш секілді ұшады.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: -Балалардан құстар туралы қандай әңгімелер, ертегілер, мультфильмдер білетінін сұрайды. Ертегіні оқып беру. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін оқып беру, мазмұнын түсіндіру. Поэзия тілімен жазылған шығарманы түсіну балаларға қиындау болуы мүмкіндігін ескеріп, екінші рет оқып беру, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетін, қылығын салыстырып, дұрыстығын немесе бұрыстығын айту. Балалардан түсініктерін сұрау. Қарлығаштың іс-әрекетін адамдардың іс-әрекетімен салыстыру. Құстар жайлы басқа ертегілермен салыстырып, ұқсастығын балалардан сұрау, оны айтып беру. Сергіту сәті: Қанатымызды жазайық, Қарлығаш болып ұшайық, Ұшып-ұшып алайық, Орымызға қонайық. Топтастыру әдісі: «Құстар» Динамикалық үзіліс: «Ұшты-ұшты» ойыны.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Ертегіні мұқият тыңдайды, түсінгендері бойынша сұрақтарға толық жауап береді. Ертегіні әңгімелеп, мазмұнын айтады. Өздері білетін ертегілермен салыстырады, айырмашылығын айтады. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Балалар тапсырмаларды орындайды.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін білу.

Түсінігі: Поэзия тілінде жазылған ертегілер туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Поэзия тілімен жазылған ертегіні қара сөзбен айту.

Бекітемін: *ef*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі: С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі: Т.Сисенова
 Күні: 12.04.2022
 Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Түлкінің күлкісі

Мақсаты: Балаларды «Түлкінің күлкісі» ертегісімен таныстырып, ертегіні оқып беру арқылы түсініктерін қалыптастыру. Балаларды ертегілерді әңгімелеп бере білуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге дағдыландыру.

Көрнекіліктер: Түлкінің, қасқырдың, сарышұнақтың суреті

Қостілділік компонент: күлкі – улыбка, смех, түлкі – лиса, қасқыр – волк

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Мен – түлкімін, түлкімін, Қоймасымын күлкінің Мықтымсынған мақауды, Қулығыммен арбаймын	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Мұғалім әліппе оқулықтан ертегі суреттерін көрсете отырып, балаларды ертегінің тақырыбымен таныстырады. Ертегі кейіпкерлері түлкі, сарышұнақ, қасқыр туралы жалпы мағлұмат беріледі. Сарышұнақтың үнемі жер астында мекен ететіні туралы әңгімелеп беру. Балаларға ертегіні оқып беру, түсінгендерін сұрау. -Ендеше, былай тұр деп түлкінің сұрағы іннен суырып алады. Қасқырдың сыйрағын көрген сарышұнақ, қасқырдың сыйрағын кеміре бастайды. Қасқыр түлкіден көмек сұрапты, сонда түлкі: «Малды қалай жеуші едің, сенің сыйрағыңдыда біреу кеміріп көрсін», -деп қашып кетіпті. -Балалар, осы оқиғаға ұқсас оқиға сендерге кездесті ме? -Балалар, достарың, бауырларың қиналғанда оларға қол ұшын беріп көмектесіңдер. Топтағы балалармен әрқашан тату болыңдар. Түлкі секілді айлакер, қатыгез болмаңдар. -«Күлме досқа, келер басқа», -дегенді қалай түсінесіңдер? Сергіту сәті: Бір, екі, үш, Бойға жинап күш. Шынығамыз таңертең, Ағалардай «Отанға» Солдат болам мен ертең. Сабақты бекіту: Ерте, ерте, ертеде жүгіріп келе жатқан түлкінің сыйрағы сарышұнақтың сарышұнақтың түлкінің аяғын қытықтай бастайды. Түлкі күліп тұрғанда мұның қасына қасқыр келеді. Қасқыр түлкіден неге күліп жатқанын сұрапты. Сонда түлкі былай депті: «Әлемде болып жатқан қызықты көрсен, сенің де ішексілен қатар еді», -депті Динамикалық үзіліс: «Қошқар мүйіз» ойыны.	Балалар тәрбиешінің әңгімесін мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Ертегіні тыңдайды, түсінгендері бойынша сұрақтарға толық жауап береді. Ертегіні әңгімелеп, мазмұнын айтады. Өлең мазмұнына қарай қимылдар жасайды. Балалар тәрбиешінің әңгімесін тыңдап, сұрақтарға жауап береді.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтарын қою арқылы сабақты қорытындылау. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Сұрақтарға жауап береді

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Түлкінің күлкісі» ертегісін білу.

Түсінігі: Татутылық, достық туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Ертегінің мазмұнын әңгімелей білу, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айту.

erf

қырыбы: Айлакер бала

қалыптастыру. Балалардың қабілеттері мен қызығушылығын тәрбиелеу.

Қостілділік компонент: Бала –малычиик, айлакер – хитрый

[illegible]

Бекітемін: 
 Бастауыш оқу ісінң меңгерушісі; С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова
 Күні; 26.04.2022

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Қожанасыр мен бай

Мақсаты: Балаларға «Қожанасыр мен бай» ертегісі туралы әңгімелеп беру. Ертегіні түсіндіру барысында балалардың тіл байлықтарын арттыру, қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балаларға «Күшіңе сенбе, ісіңе сен» деген мақалдың мағынасын түсіндіру арқылы бала бойында сыйластық, адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Қожанасыр мен байдың суреті

Көстілділік компонент: Күш –сила, қауын –дыня

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Мен – күшік Сакқұлак, Ойнаймын шапқылап. Серікпін қашанда, Малпыға, шопанға.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: Тәрбиеші балалардан «Айлакер бала» туралы әңгімелер, ертегілер, мультфильмдер көргендерін сұрайды. Өткен сабақтағы «Айлакер бала» ертегісін еске түсіріп, ертегінің мазмұнын айтуды сұрайды. Кіріспе әңгіме: Бір күні түнде Қожанасыр байдың бақшасына қауын жеуге барады. Бақшасын қорып жүрген бай оны байқап қалады да, білдірмей келіп ұстап алмақшы болады. Сол кезде Қожанасыр да байды көріп қалып, зыта жөнеледі. Қарғып түсейін дегенде биік дуалға бойы жетпей тұрып қалады. Соңынан қуып бай да жетеді. -Әй, аяғымнан көтеріп жіберші,-депті сонда Қожанасыр. Сергіту сәті: Жел үілдейді у-у-у Құйын билейді зу-зу-зу. Қатты-қатты жел соқты гу-гу-гу Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду Ой шақыру: -Ертегі сендерге ұнады ма? -Балалар ертегі не жайында? -Қожанасыр қауын жеуге қайда барады? т.б. Мақал-мәтел: «Күшіңе сенбе, ісіңе сен» Динамикалық үзіліс: «Жаяу көкпар» ойыны.	Балалар өткен сабақтарда өткен ертегілерді еске түсіріп, сұрақтарға жауап береді. Балалар ертегіні тыңдайды, түсінгендері бойынша ертегіні әңгімелеп, мазмұнын айтады. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді. Мақал-мәтел жаттау.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Қожанасыр мен бай» ертегісін білу.

Түсінігі: Сыйластық, адамгершілік қасиеттер туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Ертегі мазмұнын айту, сұрақтарға толық жауап беру, мақал-мәтел айту.

Бекітемін: *ef*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова
 Күні; 3.05.2022
 Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Екі дос

Мақсаты: Балаларға «Екі дос» ертегісі туралы әңгімелеп бету. Оқылған шығарманы әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету. Екі достың бір-біріне деген қамқорлығын мысалға келтіре отырып, бала бойына адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Көрнекіліктер: Тақырыпқа байланысты суреттер

Қостілділік компонент: дос – друг, жау, дұшпан, қас – враг

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері: Ортақ мекен жер шары Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттың баласы Достығымыз жарасқан.	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: - Балалар, қандай ертегілерді білесіңдер? Осы өздерің атаған ертегілердің қайсысын ұнатасыңдар? - Ол ертегі несімен ұнайды? - Бүгін балалар «Екі дос» ертегісімен танысамыз. Балаларға ертегіні оқып беру, не түсінгендерін сұрау. Сергіту сәті. Түн болып, таң атты Жел тұрып, боран болды. Күн бұлт, жаңбыр жауды. Күн шайдай ашылды. Ой шырқау: - Ертегі сендерге ұнады ма? - Ертеде, екі жауынгер қандай болған? - Қазақ әскерлері қандай жерлерге демалыпты? - Біреулері кімдердің қолына түседі? - Екінші досы қалай көмектеседі? - Досын босату үшін өзіне қандай әмір етеді? - Ол не? - дейді, досын қайтаруға асыққан жігіт. - Қолбасшы маған сенің екі көзің керек, - деді ме? - Көзімді тезірек ал да, досымды босатыңдар? - Мұны көрген қолбасшы не үшін босатқан? - Әскерлерін бір күнге шегінуге рұқсат етеді ме? - Екі дос қайтадан еліне қайта ма? Динамикалық үзіліс: «Кім тапқыр?» ойыны	Балалар ертегілерді еске түсіріп, сұрақтарға жауап береді. Ертегіні тындап, түсінгендері бойынша ертегіні әңгімелеп мазмұнын айтады. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді, түсінгендері бойынша әңгімелейді.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Екі дос» ертегісін білу.

Түсінігі: Достық, адалдық, адамгершілік туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Ертегіні әңгімелеу, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айту.

Бекітемін; *с.п.*
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина
 Мад «э» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова
 Күні; 10.05.2022

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Өтеш пен тоты

Мақсаты: Балаларға ертегінің мазмұнын айтып беру. Танымдық қабілеттерін, зейінін дамыту, қалыптастыру. Құстарға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Ертегі мазмұнына жасалған кейіпкерлер

Қостілділік компонент: Өтеш – петух, тотықұс – папугай

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Шаттық шеңбері Таң әлі атқан жоқ, Маңай әлі қараңғы Өтеш ерте ойанып Жан-жағына қарады	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: -Балалар сендер құстар туралы қандай ертегілер білесіңдер? -Өздерің білетін ертегіде өтеш қандай бейнеде көрінеді? -Балалар қазір мен сендерге «Өтеш пен тоты» ертегісін оқып берем. Сендер зейін қойып, мұқият тыңдап отырыңдар. Ертегіні оқып беру. Сергіту сәті. Шөп-шөп шөжелерім, Сары алтындай, балапаны Тез жетіндер жем берейін Дәнге толы алақаным. Ой қозғау: -Ертегі сендерге ұнады ма? -Ертегі не жайында? -Ертеде өте әдемі қандай құс өмір сүрген? -Өтпеш қандай құс екен? -Құстарға қандай қамқорлық жасау керек? Топтастыру әдісі: «Құстардың түрлері» Динамикалық үзіліс: «Қорқақ» ойыны.	Балалар сұрақтарға жауап береді. Ертегіні тыңдап, түсінгендері бойынша ертегіні әңгімелеп мазмұнын айтады. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Балалар сұрақтарға толық жауап береді, түсінгендері бойынша әңгімелейді. Тапсырмаларды орындайды
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Өтеш пен тоты» ертегісін білу.

Түсінігі: құстар туралы түсінігі.

Көрсете білуі: Ертегі мазмұнын айту, сұрақтарға толық жауап беру.

Бекітемін; 
 Бастауыш оқу ісінің меңгерушісі; С.Нұрмолдина
 Мад «ә» сынып тәрбиешісі; Т.Сисенова
 Күні: 17.05.2022

Оқу қызметі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Қасқыр мен қозы

Мақсаты: «Қасқыр мен қозы» ертегісін түсуіндіру. Ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жыртқыш жануарлар мен үй жануарларын ажырата білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Қасқырдың, қозының суреттері

Қостілділік компонент: Қасқыр- волк, қозы – ягненок, қоян – заяц

Іс-әрекет бөлімдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сөзімді ояту	Қуан, шаттан, алақай, Қуанатын күн келді. Күліп шықты күн бүгін Қайырлы таң! Қайырлы күн!	Балалар шаттық шеңберін жасайды.
Ізденістер. Ұйымдастыру	Ой ашар: - Балалар, бүгін сабақта «Қасқыр мен қозы» ертегісін оқып, оның мазмұнын толық талқылап айтып беруіміз керек. Кіріспе әңгіме: Қасқыр судың жоғары жағында, қозы төменгі жағында тұрып су ішеді. Қасқыр қозыны жегісі келіп, бір айла іздей бастайды. - Міне ішетін неге былғадың! - деді. Қозы: - Қасеке, мен қалай сен ішетін суды былғаймын. Сен судың жоғарғы жағында, мен төменгі жағындамын, мен ішкен су саған бармайды ғой, - деді. Қасқыр тағы айғайлап: - Сен өткен жылы менің әкемді қорлағансың, - деді. Сонда қозы: - Қасеке, мен қалайша сенің әкеңді қорлаймын, өткен жылы тумаған да едім. Қасқыр ашуланып: - Әдепсіз, неге қарсы сөйлейсің! - деп, қозыны сол қалпында жеп қояды. Сергіту сәті. Орман әсем күзде ерек – Жерге алтындай жарқырап, Бұтағынан көк терек Төгіледі жапырақ. Ой шақыру: - Қасқыр қозыға неліктен айғайлады? - Мен ішітін суды неге ластадың? - Сен өткен жылы менің әкемді неліктен қорладың? - Қозыға әдепсіздігі үшін, қасқыр не істеді? Динамикалық үзіліс: «Қой мен қойшы» ойыны.	Балалар ертегіні мұқият тыңдап, түсінгендері бойынша ертегінің мазмұнын әңгімелеп айтады. Өлең мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жаттығуын жасайды. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға толық жауап береді, түсінгендері бойынша әңгімелейді.
Қорытындылау	Бекіту, пысықтау сұрақтары. Балаларды мадақтап, алғыс айту.	Пысықтау сұрақтарына жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: «Қасқыр мен қозы» ертегісін білу.

Түсінігі: Жыртқыш жануарлар мен үй жануарларын ажырата білу туралы түсініктері.

Көрсете білуі: Ертегі мазмұнын айту, сұрақтарға толық жауап беру.